

"Әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 тамыздағы № 1091 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 мамырдағы № 538 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 ақпандағы
№ 49 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 12.02.2018 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
қ а у л ы с ы м е н

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы қаулы 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 тамыздағы № 1091 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 67, 967-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету қағидаларында:

4-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) баянат берген күнге дейін күнтізбелік 10 күн бұрын алынған әскери қызметші мен оның отбасы мүшелерінің осы елді мекенде меншік құқығында тұрғын үйінің болмауы (болуы) туралы анықтама (анықтама әскери қызметшілерге жыл сайын беріледі);";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Өтемақы төлеу үшін әскери қызметші белгіленген тәртіппен ол әскери қызмет өткеретін әскери бөлім командирінің (мемлекеттік мекеме басшысының) атына баянат береді.

Баянатқа мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) жауапты құрылымдық бөлімшениң әскери қызмет өткери орны бойынша әскери қызметшінің түрғын үймен қамтамасыз етілмегені туралы анықтамасы;

2) отбасы құрамы туралы анықтама (отбасы құрамы өзгерген жағдайлардың қоспағанда, 1 (бір) рет беріледі);

3) белгіленген тәртіппен жасалған түрғын үйді жалға алу (жалдау) шарты.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Өтемақының шекті мөлшері әскери қызметші әскери қызмет өткеретін жері бойынша елді мекенде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери қызметші отбасы мүшелерінің санын тиесілі пайдалы алаңының (18 шаршы метр) және жайлы тұрғын үйдің бір шаршы метрін жалға алу (жалдау) орташа құнының нормаларына көбейту жолымен айқындалады.

Жайлы тұрғын үйдің бір шаршы метрін жалға алуудың (жалдаудың) орташа құны мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның ресми сайтында жарияланатын оның ағымдағы жылғы қантардағы деректеріне, статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес айқындалады.

Елді мекен бойынша статистикалық деректер болмаған жағдайда өтемақы мөлшері аудан орталығының статистикалық деректері бойынша, ал аудан орталығында статистикалық деректер болмаған жағдайда – облыс орталығының статистикалық деректері бойынша айқындалады."

2. Осы қаулы 2013 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК